



Астана қаласының әкімдігі  
«Дәulet» МКҚК басшысының  
№ 246 2024 жылғы  
бұйрығына  
косымша

**Астана қаласы әкімдігінің «Дәulet» МКҚК жұмыскерлерін  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал  
бұзушылықтары немесе фактілері жөнінде ақпарат беру тәртібі**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Астана қаласы әкімдігінің «Дәulet» МКҚК жұмыскерлерін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзушылықтары немесе фактілері жөнінде ақпарат беру тәртібі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Занына, КР-ның Президентінің 2022 жылғы 2 актандары №802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

2. Осы тәртіп сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын уақытылы анықтау мен алдын алуға, сондай-ақ, олардың салдарын барынша азайту және болашакта алдын-алуға бағытталған.

3. Ос тәртіп Жұмыс берушінің жұмыскерлерді Кесіпорындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға бейімдеу жағдайлары туралы ақпараттандыру тәсілін анықтайты.

4. Осы Тәртіп кәсіби қызметін орындау барысында жұмыскерлермен жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың фактілері анықталғанда әрекет реттілігін белгілейді.

5. Осы Тәртіpte келесі негізгі түсініктер қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) сыйбайлас жемқорлықты алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

6) пара – қызметтік тұлғаның пара берушінің немесе ұсынған адамының пайдасына әрекетті жасағаны (әрекетсіздігі) үшін материалдық құндылықтарды немесе басқа пайда мен басымдықтарды заңсыз алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) лауазымды тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе лауазымдық жағдайының күші осындай әрекеттерге (әрекетсіздікті) ықпал етуі мүмкін, не жалпы қорғаушылыққа немесе қызмет бойынша бетімен кетушілікке тең келсе

## **2-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзушылықтары немесе фактілері жөнінде ақпарат беру тәртібі**

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзушылықтары немесе фактілері және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасауға бейімдеу мақсатында шағымдану фактілері жөнінде ақпарат беру Кәсіпорындағы әр жұмыскердің міндеті болып табылады.

7. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісін анықтаған Кәсіпорын жұмыскерлері кез-келген адамның сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасауға бейімдеу мақсатында оларға өтініш білдірген барлық жағдайлар немесе фактілер туралы тиісті құрылымдық бөлімшениң басшысына және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне жедел хабарласуға міндетті.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзушылықтары немесе фактілері туралы хабарлама оны жазбаша түрде Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізуге жауапты адамға беру немесе «Сенім жәшігі» арнайы жәшікті қолдану арқылы жүргізіледі. Жәшіктен ақпаратты алу Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты адаммен келесі аптаның жұмасында жүргізіледі.

9. Алынған ақпараттардың құпиялышы жұмыс беруші мен Кәсіпорындағы сыйайлар жемқорлыққа қарсы саясатты өске асыруға жауапты адаммен қамтамасыз етіледі.

10. Заннамада көзделген жағдайларды қоспағанда, хабарламаны берген жұмыскер тұлғасы туралы ақпарат оның рұқсатсының жариялануға жатпайды.

11. Хабарламада көрсетуге жататын мәліметтер тізімі:

- тегі, аты, әкесінің аты, қызметі, байланыс телефоны, тұрғылықты мекенжайы;
- кәсіптік қызметін жүргізу барсында Кәсіпорын жұмыскеріне белгілі болған сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықты жасауға бейімдеу мақсатында өтінген жағдай туралы немесе Кәсіпорынның басқа жұмыскерлерімен не басқа адамдармен жасалған сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтың барлық жағдайлардың сипаттамасы;
- сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықты жасауға бейімдеуші жеке (заңды) тұлға туралы белгілі барлық мәліметтер;
- өтініш мәнін мазмұндау (әрекет (әрекетсіздікті) жасауды бейімдеуге өтінген күні, орны, ұсынылған пайдасы, өтініштің басқа жағдайлары);
- егер болса, осы іске қатысты адамдар мен қуәгерлер туралы мәліметтер;
- хабарлама берушінің қолы мен толтыру күні.

12. Барлық хабарламалар Кәсіпорын жұмыскерлерінің сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықты жасауға оларды бейімдеу және өтіну туралы фактілер жөнінде хабарлама беру журналына Қосымша №1) тіркеуге жатады. Кәсіпорында журналды жүргізу бойынша міндет сыйайлар жемқорлыққа қарсы саясатты өске асыруға жауапты адамға жүктеледі.

13. Анонимді хабарламалар қабылданбайды.

### **3-тарап. Сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталғанда әрекеттер тәртібі**

14. Ұйымдастыру мақсатында Кәсіпорындағы сыйайлар жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты адам 3 (үш) жұмыс күн ішінде сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық фактісін алдын ала тексеруді жүргізу үшін Комиссия құрады.

15. Тексеріс барысында анықталуы тиіс: Кәсіпорын жұмыскеріне адамның сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға өтінуне ықпал еткен себептер мен жағдайлар.

16. Комиссия Кәсіпорын басшысына тексеріс нәтижелерін тексеріс аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде бұзушылықты растау немесе теріске шығару фактісі туралы ақпараттан құралған жазбаша қорытынды түрінде ұсынады.

17. Қорытындыда көрсетіледі: комиссия құрамы, тексеріс жүргізу мерзімі, тексеріс жүргізу үшін негіз, хабарламаны құру үшін негіз болған факттің дәйектілігін растау (теріске шығару), Кәсіпорын жұмыскеріне сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға өтінуне ықпал еткен себептер мен жағдайлар.

18. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға бейімдеу мақсатында өтіну фактілер расталған жағдайда, Комиссия Кәсіпорын басшысына сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты болдырмау бойынша шараларды қолдану жөнінде ұсыныстар шығарады. Кәсіпорын басшысымен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қорғау органдарына ақпаратты беру туралы шешім қабылданады.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға бейімдеу мақсатында өтіну фактілері расталмаған жағдайда, алайда, жүргізілген тексеріс барысында қызметтік тәртіпке қойылатын талаптарды бұзу сипаттамалары, жұмыскерлердің өз қызметтік міндеттерін орындағаны анықталса, онда материалдар З (үш) жұмыс күн ішінде тиісті шешім қабылдау үшін Кәсіпорынның тәртіптік комиссиясына қарастыруға беріледі.

20. Хабарлама берген жұмыскерлердің құпиялығы сақталған жағдайда және заңнамаға қайшы келмейтін ауқымда, қабылданған шаралар мен қарастыру нәтижелері жөнінде ақпарат алуға құқығы бар.

#### **4-тaraу. Қорытынды ережелер**

21. Осы Тәртіп жұмыскерлердің бастамасымен де, сондай-ақ, Кәсіпорын басшысының бастамасымен де қайта қарастырылуы мүмкін.

22. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның ІНК-на өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Осы Тәртіп өзгертуге жатады. Осы Тәртіпке енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Кәсіпорынның директорымен бекітіледі.

23. Осы Тәртіптің қолданысқа ену мерзімі Кәсіпорын басшының бекіткен күнінен басталады.

Астана қаласы әкімдігінің «Дәulet» МКҚК жұмыскерлерін Сыбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзушылықтары немесе фактілері жөнінде ақпарат беру тәртібінің

**1-қосымшасы**

**Кәсіпорын жұмыскерлерінің  
сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықты жасауға  
оларды бейімдеу және өтіну туралы фактілер жөнінде  
хабарлама беру журналы**

№ р/с	Тіркеу күні	Хабарлама беруші туралы мәлімет			Хабарламан ың қысқаша мазмұны	Тексеріс жүргізу туралы шешім (күні, номері)	Ескертпе
		Т.А.Ә.	қызметі	байланыс телефоны			